

УДК 94(574)

*Күзембайұлы, А.,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

## 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ЖАҢА КОНЦЕПЦИЯСЫ

### *Түйіні*

*Мақала институтымызда өткен Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференциясында жасалған баяндаманың қысқартылған нұсқасы. Автор аталмыш проблемаға академиялық сипат беріп, оның жаңа концепциясын ұсынады. Ұлттық сипаттағы халық қозғалысын таптық, партиялық шырмаудан тазартып, оның шынайы тарихын жазу замана талабы екендігін дәлелдейді.*

*Мақаланың мәнін ашатын сөздер: тарих, тарихнама, көтеріліс, соғыс, деректер, ру-тайпа, ұлт-азаттық.*

### **1. Кіріспе.**

Ұзын сонар қазақ тарихындағы көптеген проблемаларға жаңа концепция тұрғысынан қарау уақыт талабы. Өйткені өзгерген қоғамдық қатынастар тарихи уақиғаларға да басқаша көзбен қарауды талап етеді. Өздеріңізге белгілі кешегі кеңес заманында тарих ғылымы марксизм-ленинизм методологиясы негізінде қалыптасты. Тарихи зерттеулерде таптық және партиялық принцип басымдылық танытты. Әсіресе ұлттық қозғалыстар тек қана тап күресі концепциясының шеңберінен шыға алмады. Осындай проблемалардың бірі биылғы жылы 100 жыл толғалы отырған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы. Қозғалыс төңкеріске ұласты, соның нәтижесінде Ресей империясының ұлан-ғайыр территориясында Кеңес үкіметі орнады. Осыдан барып бұл проблема тек кеңестік тұрғыдан бағасын алды. Сөйтіп академиялық тақырып саяси мәселелердің біріне айналды. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс бір жақты зерттеле бастады.

### **2. Деректер мен әдістер.**

Қозғалыстың әрбір он жылдығында көтеріліс қамтыған аймақтарға экспедиция ұйымдастырылып, есепсіз деректік материалдар жинақталды. Олардың көпшілігі жарияланды. Ә. Жанкелдин, А. Иманов жөнінде құжаттар жинағы жарық көрді. Әсіресе 1936 жылы материал жинау үшін ұйымдастырылған экспедиция мүшелерінің алдына тек «қажетті» деректерді жинау мақсаты қойылды. Кеңес үкіметінің әртүрлі деңгейдегі органдарында қызметте отырған алаш зиялыларынан «тазарту» үшін оларды қаралайтын материал қажет болды. Сөйтіп ғылыми проблема саясаттың қолшоқпарына айналып, қолдан большевиктер мен батырлар жасалды. Жыл өткен сайын осы концепция деректермен толықтырылып, «ғылыми» мақалаларға негіз болды. Өкініштісі барлығы да тек кеңестік идеология тұрғысынан қарастырылды.

Мақаланы жазу барысында тарихи зерттеулерде жиі пайдаланылатын тарихи салыстырмалы және аналогия әдістері пайдаланылды. Қазақ жеріндегі ұлттық қозғалыстар Азия мен Африка елдеріндегі ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында болған ұлттық қозғалыс тарихымен салыстыра отырып зерттелді. Араларындағы ұқсастықтар мен өзгешіліктерге көңіл аударылды.

### **3. Көтерілген проблемалар.**

Біз осы тақырыптағы баяндамамызды 10 тезистің айналасында өрбітуді жөн көрдік:

1. Қозғалыстың сипаты талас тудырмайды.
2. Азаттыққа жетудің баламалы жолы болды ма? ХХ ғасырдың басында өткен заманның әдістерін пайдаланып бостандыққа жету мүмкін бе еді?
3. Алаш қайраткерлері бұл мәселе бойынша үшке бөлінді. «Қазақ» газеті маңына топтасқандар қарулы көтеріліске қарсы болды. Неге?

4. Көтерілісті үкімет өзі ұйымдастырды деген пікір бар. Осыған қаншалықты сенесіз? Мүмкін бұл да бір отаршылдық саясаттың әдісі шығар? Құнарлы жерлерде орналасқан жергілікті халықты қырып тастап, жерді осындай жолмен босатып алу қажет болған шығар.

5. Көтерілісті ұйымдастырған неміс-түрік барлаушылары деген де қауесет бар. Ол кезде бірінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатты. Түркия Германияның одақтасы еді. Сол кездегі Түркістан генерал-губернаторы да Сырдария облысының да басшысы неміс ұлтының өкілдері болды.

6. Қозғалыс барысында қанша адам қаза болды? Егер көтеріліс болмаған жағдайда Қазақстан халқы 20 млн. жақын болар еді деген де пікір бар.

7. Торғайдағы қозғалыс барысының беймәлім тұстары көп. Алаш милициясы көтеріліс басшысы Амангелдіні неге өлім жазасына кесті?

8. Әліби Жанкелдиннің ролі қандай?

9. Көтерілістің басқа басшылары жөнінде неге осы күнге дейін ауыз ашпаймыз?

10. 1916 жылғы ұлт азаттық қозғалысқа қатынасып, қолға түскендер сот қандай жағдайда өтті?

1. 1916 жылғы қазақ даласындағы бас көтеру Азия және Африка континенттеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстың ажырамас бөлігі екендігі бүгінгі күні толық дәлелденді. Көтеріліске қазақ халқы ғана емес, қырғыз, дүнген, ұйғыр халықтары да белсене қатынасты.

2. Отаршылдықтан босаудың, азаттыққа жетудің қан төгіссіз басқа баламалы жолы болды ма? Осыған дейінгі қарулы қақтығыстар қандай нәтиже берді? XX ғасырдың басында өткен заманның әдістерін пайдаланып бостандыққа жету мүмкін бе еді? Міне осындай сұрақтар қазақ зиялыларын қатты ойландырды. XVIII-XIX ғасырларда Африка, Азия континенттерінде болған ұлт-азаттық қозғалыстардың сабағын пайдалана отырып, қазақ оқығандарының бір тобы азаттыққа жетудің өркениетті жолын ұсынды. Үнді елінің саяси және қоғамдық қайраткері, үнді халқының ағылшын отарлауына қарсы күрестің басшысы Мохандас Карамчанд «Махатма» Ганди – бостандық алудың бейбіт түрін ұсынды. М. Ганди Оңтүстік Африкада жүргенде бейбіт жолмен қарсыласудың теориясы мен тактикасын белгілеп, оны сать яграха (Шындық үшін тайсалма) деп атады.

3. Қазақ зиялылары қатарында бірлік болмады. Олар екіге бөлініп, революцияшыл радикалды бағыттағы Т.Бокин, Ә.Майкөтов, С. Сейфуллин, С. Меңдешев, Ә. Жангелдин сияқты тобы қарулы күрес жолын таңдады. Ал ұлттық-либералдық бағыттағы Алаш зиялылары Ә. Бөкейханов, М. Дулатұлы, А. Байтұрсынұлы бастаған топ елді қантөгістен сақтау үшін патша үкіметімен тіл табысу жолдарын іздеді, күрестің бейбіт саяси әдістерін жақтады. 1916 жылғы көтерілістен кейін іле-шала жүргізілген жазалау шаралары, мыңдаған адамдардың қаза табуы бұл қауіптің орынды болғандығын растайды.

Бұл арада тағы бір мәселенің бетін ашып кету қажет. Ол – 1916 жылы қазақ зиялыларының көсемдері, яғни ұлт-азаттық қозғалысты бастаушылар, халық көтерілісіне қалай қарады? Олар патшаға қарсы қарулы көтерілісті жақтаған жоқ. Өйткені кұр қол халық патшаның талай жыл үйретілген, мұздай қаруланған әскеріне қарсылық көрсете алмай, тағыда қырғынға ұшырайтынын сезді. Бірақ оларға тасқыны тау суындай дүркіреген стихияны – халық көтерілісін тоқтату мүмкін болмады. «Қазақ» газетінің ашық көтерілуі қауіпті, одан да мобилизацияны кешеуілдетуді ұсынайық, жеңілдіктер сұрайық, ол екі ортада патша да бір жайлы болар деген сияқты шақырулары халықтың құлағына кіре қоймады. Бір сөзбен айтқанда, стихиялық халық көтерілісінен ұлт-азаттық қозғалыстың көсемдері бөлініп қалды. Өмір олардың болжамы дұрыс екендігін дәлелдеді.

Қазақ халқы тағы бір қырғынды басынан өткізді, ал 1917 жыл 27 ақпанда бас – аяғы бірнеше айдан кейін патша да тағынан құлады. Осындай жағдайды ескермей кейінгі кейбір зерттеушілер тарапынан болашақ «Алаш» партиясының өкілдері 1916 жылы патшаны жақтады, тіпті көтерілісті басып, жанышты деген ұшқары пікірлерге дейін барды. Алашордалықтардың көтеріліс кезіндегі тактикасын түсінбеді. Ал көтеріліс басылып, қазақ жігіттері майдандарға окоп қазуға жіберіле бастаған кезде, оларға бас – көз болып, кейін аман – есен олар

ды ауылға жеткізу қажет болған жағдайда Әлихан Бөкейхановтың өзі бастаған қазақ зиялылары (оқытушылар, заңгер т.б.) серіктерімен бірге майданға (реквизициаланғандармен) атанды. Бұны нағыз патриотизм деп түсіну керек. Өйтпегенде сауатсыз, орыс тілін түсінбейтін көптеген қазақ жігіттерінің елге оралуы екі талай еді.

4. XX ғасырдың басында Орталық Азия мен Қазақстанға қоныс аударған славян келімсектері арасында жер тапшылығы пайда болды. Үкіметтің «бос жатқан жерлерді» анықтау мақсатында ұйымдастырған статистикалық экспедициялары әлі де пайдаланылмай жатқан жерлер бар деген тезисті дәлелдеді. Ал шын мәнінде игерілмеген жер жоқ еді. Оны отаршылдық аппараттың чиновниктерінің өздері де мойындаған еді.

Осыған байланысты кейбір зерттеушілер шұрайлы жерлерді жергілікті халықтан босату үшін халық наразылығын қолдан жасады деген болжам айтылуда. 1916 жылғы оқиғалардың алғашқы зерттеушілерінің бірі Т.Рысқұловтың мәліметтері бойынша, жарты миллионнан астам қазақтардың Қытайға қоныс аударғаны белгілі. Осының салдарынан Жаркент, Пржевальск, Лепсі, Верный, Пішпек уездері халқының саны кеміп кеткен. Түркістан өлкесінде сол жылдары 7 млн. «жергілікті ұлт өкілдері» мен 540 мың орыстар болды. Жетісудағы қазақтар мен қырғыздар туған жерін тастап Қытайға босып кеткен кезде олардың 2,5 млн десятина шұрайлы жері казак әскерлеріне берілді.

5. Москвада болған конференцияда 1916 жылғы қозғалысқа шет мемлекеттердің ықпалы болғандығы туралы болжамдар келтірілді. Ресей ғалымы И.Баринев Орталық Азиядағы герман саясаты жөнінде айтса, А. Васильев есімді бір тарихшы Осман империясы мұрағатынан көтеріліске дайындық кезінде түрік жансыздарының Орталық Азиядағы әрекеттерін дәлелдейтін құжаттардың бар екендігін тілге тиек етті. Конференцияда С. Абашиннің «Советский кишлак Между колониализмом и модернизацией» және Александр Васильевтің «Знамя и меч от Падишаха» атты монографиялары таныстырылды. Екеуі де түрік қарулы күштерінің бас штабының барлаушыларының Орталық Азия мен Қазақстандағы әрекеттері жөнінде жазылған. Ресей қарулы күштері бас штабына қарасты әскери Академиясы ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Елена Наземцева 1916–1917 жылдары орыс-қытай шекарасындағы оқиғаларға тоқталды.

6. Патшалық сот, әскери жазалау күштерінің қысымынан көтеріліске қатысқан адамдардың бір бөлігі бас сауғалап, Шыңжаңға көшіп кетуге мәжбүр болды. Сонымен, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс басып-жанышталды. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс кезінде және жазалау нәтижесінде Қазақстан жеріндегі қазақтардың саны *жарты миллионға жуық* кеміді. Қытайға ауып кетуге мәжбүр болған халық саны: *екі жүз отыз сегіз мың*.

7. Қозғалыс басшыларының бірі Аманкелді батыр 1918 жылдың қазан айында партия қатарына өткен. 1919 жылы Торғай әскери комиссары. 1919 жылдың 19 сәуірінде Алаш әскері Торғайда өз билігін орнатты да, Аманкелдіні тұтқынға алды. Ол орыстармен шайқаста шейіт болмай, неге 18 жасар алаш милициясының вахмистірі Б. Сисекеновтің қолынан қаза тапты. Торғайдағы алаш әскері штабының шешімімен Аманкелді өлім жазасына кесілді. Неге? Оны өлімге қиятындай ол қандай қателік істеді? Халқының алдында қандай қылмыс жасап еді? Бұл әлі басы ашық мәселе. Тәуелсіздігімізге 25 жыл толса да, тарихымызда әлі тәуелсіздік жоқ. Ескі сүрлеуден әлі шыға алмай келеміз.

8. Осы қозғалыс барысында Әліби Жанкелдинге Кеңес тарихнамасы үлкен роль береді. Осы шындыққа сәйкес келе ме? Көтеріліс кезінде ол қолына қару алып сарбаздар қатарында болды ма? Ғылымда шешімін таппаған мәселелердің бірі осы.

Кеңес заманында ол беделді басқарушы қызметтер атқарды. 1930 жылы Ырғыз қазақтарының кеңес үкіметіне қарсы көтерілісін қанға бояп басуда Әліби Жанкелдиннің белсенділік көрсеткендігін белгілі тарихшы Талас Омарбеков құжаттарға сүйене отырып дәлелдеп берді. 30-жылдары С. Садуақасов басқарған қазақ коммунистері Ф.И. Голщекин саясатына қарсы шыққанда Ә. Жанкелдин неге бұғып қалды. Осындай адамға тәуелсіз Қазақстан тарихшылары неге баға бермейді?

9. Кеңес тарихнамасында қозғалыстың бел ортасында жүрген, сөзімен де, ісімен де оған көмек көрсеткен кейбір тұлғалар көрініс таппады. Әбдіғалар, Кейкі батыр, жөнінде біз не білеміз. *Әбдіғалар Жанбосынұлы* ұлт-азаттық қозғалыстың Торғай даласындағы басшысы. 1870 жылы бұрынғы Торғай облысы Торғай уезі Қараторғай болысында ауқатты шаруаның отбасында дүниеге келген. 1919 жылдың 21 қарашасында қызылдар қолынан қаза тапты. Тілеулі батырдың ұрпағы. Арғы атасы Нияз би – Абылай ханның сенімді серігі, әкесі Жанбосын (1847-1995) көп жылдар болыс болған. Көтеріліс басталғанда барлық жылқысын көтерілісшілерге бөліп берген.

*Кейкі (Нұрмағамбет) Көкембайұлы*, (1871-1923) 1916 жылғы Торғай көтерілісінің батыры. Орта жүз құрамындағы қыпшақ тайпасының Құлан-қыпшақ руынан шыққан. Көтеріліске белсенді қатынасқандардың бірі. Аманкелді қызылдарды қолдағанда, ол қарсылығын тоқтатпаған. Халық арасында оның «сары орыстың-бәрі орыс» деген қанатты сөзі сақталған. Бұл екеуі де Аманкелді қызмет еткен қызыл әскер қолынан қаза табады. Жұмбақ құбылыс?

10. 1916 жылғы ұлт азаттық қозғалысқа қатынасып, қолға түскендер сот арқылы жазаланды. Бұлардың соты Уақытша үкімет билік құрған уақытта өтті. Мемлекеттік Думада 1916 ж. желтоқсанның 1-3 інде көтеріліс қанға тұншықтырылғаннан кейін әшкерелеп, патша үкіметін сынға алып өткір сөз сөйлеген А. Керенский кейін өзі сол үкіметтің басшысы болғанда, оларды босату үшін қандай әрекеттерге барды. Жалпы Сералы Ләпин сияқты қазақ қайраткерлерінің жазаланған қазақ жігіттеріне қандай құқықтық көмек берді? Міне осындай проблемалар зерттеушісін әлі күтуде.

### Әдебиет тізімі

Айбын [Мәтін]: энциклопедия / бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 880 б.

Иманов, А. Құжаттар мен материалдар жинағы [Мәтін] / А. Иманов. – Алматы: [ж. б.], 1974.

Қозыбаев, М.Қ. Жауды шаптым ту байлап [Мәтін] / М.Қ. Қозыбаев. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

Қозыбаев, М.Қ. Тұлғалар тұғыры [Мәтін] / М.Қ. Қозыбаев. – Алматы: Қазақпарат, 2009. – 228 б.

Құсайынұлы, Қ. Қазақ шаруашылығы отаршылдық дәуірде [Мәтін] / Қ. Құсайынұлы, – Алматы: Дәнекер, 2001. – 97 б.

Омарбеков, Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасыреті [Мәтін]: Көмекші оқу құралы / Т. Омарбеков. – Алматы: Санат, 1997. – 149 б.

Омарбеков, Т. Зобалаң [Мәтін] / Т. Омарбеков. – Алматы: Санат, 1994. – 84 б.

Шүкірұлы, С. Кейкі батыр [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <http://1referat.kz/tulgalar>.

Аманкелді Иманов [Текст]: статьи, документы, материалы / под ред. С.Б. Бейсембаева; Ин-т истории партии. – Алматы: Казахстан, 1974. – 264 с. – С. 123.

Алиби Джангильдин [Текст]: документы и материалы / под ред. Т.Е. Елеуова, П.М. Пахмурного. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1961. – 234 с.

Борьба за власть Советов в кустанайских степях [Текст]: сборник документов, материалов и воспоминаний участников / отв. ред. И.А. Грушин. – Кустанай: Издание отдела пропаганды и агитации кустанайского обкома КП Казахстана и областного госархива, 1959. – 162 с.

Восстание 1916 года в Казахстане [Текст]: [документы и материалы] / составители: Ф.Н. Киреев, Ш.Я. Шафира, Архивное упр. МВД Казахской ССР; под ред. В.С. Сулейманова. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1947. – 210 с.

Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане [Текст] / отв. ред. А.В. Пясковский – М.: АН ССР, 1960. – 786 с.

Гражданская война в Казахстане [Текст]: Летопись событий / Академия наук Казахской ССР. – Алма-Ата: «Наука» КССР, 1974. – 392 с. – С. 120.

Иностранная военная интервенция и гражданская война в Средней Азии и Казахстане [Текст]: в 2 т. / под. ред. А.Г. Багрянцева. – Т.1. – Алма-ата: АН КССР, 1963. – 314 б.

Кыдыралина, Ж.У. 100-лет восстанию 1916 года [Электронный ресурс] / Исторический портал. – Режим доступа: <http://e-history.kz/ru/publications/view/1437>.

Махатма Ганди [Электронный ресурс] / Википедия. Свободная онлайн-энциклопедия. – Режим доступа: [kk.wikipedia.org/wiki/Махатма\\_Ганди](http://kk.wikipedia.org/wiki/Махатма_Ганди).

Покровский, С.Н. Разгром иностранных военных интервентов и внутренней контрреволюции в Казахстане (1918-1920 гг.) [Текст] / С.Н. Покровский. – Алма-Ата: «Наука» Казахской ССР, 1967. – 365 б.

Рыскулов, Т.Р. Восстание туземцев Туркестана в 1916 году [Текст] / Т. Рыскулов // Очерки революционного движения в Средней Азии: сборник статей. – М: [б.и.], 1926. – С. 121.

Рыскулов, Т.Р. Избранные труды [Текст] / Т.Р. Рыскулов. – Алматы: Казахстан, 1984. – 260 с. – С. 214.

Турсунбаев, А.Б. Казахский аул в трех революциях [Текст] / А.Б. Турсунбаев. – Алма-Ата: Казахстан, 1967. – 483 с.

Турсунов, Х. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане [Текст] / Х. Турсунов. – Ташкент: Госиздат. УзССР, 1962. – 437 с.

Харлампович, К.В. Восстание тургайских казах-киргизов 1916-1917 (по рассказам очевидцев) [Текст] / К.В. Харлампович; О-во изучения Казахстана. – Кызыл-Орда: Изд. о-ва изуч. Казахстан, 1926. – 47 с.

*Мәлімет редакцияға түсті: 14.12.2016*

**КУЗЕМБАЙУЛЫ, А.**

#### **НОВАЯ КОНЦЕПЦИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ 1916 ГОДА**

*Статья является сокращенным вариантом доклада на конференции, посвященной 25-летию независимости Казахстана, проходившей в Костанайском государственном педагогическом институте 06 декабря 2016 года. Автор предлагает дать академическую оценку истории национально-освободительного движения 1916 года в Казахстане, очистив ее от марксистско-ленинских догм.*

*Ключевые слова: история, историография, источники, восстание, движение, национальный, освободительный.*

**KUZEMBAYULY, A.**

#### **NEW CONCEPTION OF NATIONAL MOTION IN 1916**

*This article is a condensed version of the report for the conference dedicated to the 25th anniversary of Kazakhstan's independence, which had been taken place on December, 6, 2016 at Kostanay state pedagogical institute. The author offers to give an academic assessment of the history of the national liberation movement of 1916 in Kazakhstan, purging it from the Marxist-Leninist dogma.*

*Keywords: history, historiography, sources, uprising, movement, national, liberation.*